

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, АГРОХИМИЯ, АЗЫҚ ӨНДІРУ, АГРОЭКОЛОГИЯ
ЗЕМЛЕДЕЛИЕ, АГРОХИМИЯ, КОРМОПРОИЗВОДСТВО, АГРОЭКОЛОГИЯ
AGRICULTURE, AGROCHEMICAL, FEED PRODUCTION, AGROECOLOGY**

GTAMP 68.29.17

DOI <https://doi.org/10.37884/3-2023/06>

Ш.У. Лайсханов^{1}, Ж.М. Сманов², Н.Б. Мырзалы¹*

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,
laiskhanov@gmail.com*, naziramyrzaly@gmail.com*

*²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,
zhasulan.smanov@mail.ru*

**ТЫҢАЙҒАН ЖЕРЛЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ-МЕЛИОРАТИВТІК ЖАҒДАЙЫ
МЕН ОЛАРДЫ ИГЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында ауылшаруашылық айналымнан шығып қалған «тыңайған жерлерді» қайта игеру өте маңызды. Қазақстанның оңтүстігінде егістік жерлердің ауылшаруашылық айналымнан шығып қалуы – бірінші кезекте тұзданумен тығыз байланысты. Тұрақты даму мақсатында олардың қазіргі жағдайын зерттеу, тұзданған топырақтарды мелиорациялауға арналған әлемдік зерттеулерге шолу жасау арқылы қайта игеруге ұсыныстар әзірлеудің қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан, осы зерттеуіміз Оңтүстік Қазақстандағы Отырар ауданының мысалында тыңайған жерлердің қазіргі экологиялық-мелиоративтік жағдайын зерттеу және оларды игеру мәселелерін талқылау және ұсыныстар келтіруге арналды. Зерттеу барысында тыңайған жерлердің пайда болуы мен қалыптасуын зерттеуде тарихи әдісті, зерттеу нысанына аумақтық талдау жасау жұмыстары кезінде географиялық талдау әдісі, мәселелердің күрделілігі мен интенсивтілігін көрсетуде статистикалық және салыстыру әдістерін, зерттеу нысанындағы тыңайған жерлердің ахуалын зерттеуде картографиялық және геоақпараттық әдістерді, тыңайған жерлердің контурларын тексеруде далалық зерттеу (рекогносцировтық) және зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми мәліметтермен жұмыста топтастыру және талдау әдістері қолданылды. Геоақпараттық технологиялардың көмегімен зерттеу нысанындағы тыңайған жерлердің көлемі – 13688,9 га, оның ішінде тұзданбаған топырақтар тараған жерлердің көлемі – 83,9 га, шамалы тұзданған топырақтар – 984,4 га, орташа тұзданған топырақтар – 2398,3 га, қатты тұзданған топырақтар – 10222,1 га құрайтыны анықталды. Тұзданған жерлерді игеру мен мелиорациялаудың бойынша ғалымдар ұсынған әдіс-тәсілдер мен технологияларға шолу жасалды. Зерттеу нысанының экологиялық-мелиоративтік жағдайы мен шаруа қожалықтарының материалдық-техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, тыңайған жерлерді игерудің 2 әдісі (органикалық және агроинновациялық) ұсынылып, топырақтардың тұздану жағдайында оларды қолданудың қажеттілігі ғылыми негізделді.

Кілт сөздер: *Отырар ауданы, егін шаруашылығы, тыңайған жерлер, тастанды жерлер, топырақтардың тұздануы, тыңайған жерлерді игеру, органикалық әдістер, агроинновациялық технология.*

Кіріспе

United Nations Department of Economic and Social Affairs деректері бойынша әр 12-13 жылда әлем халқының саны 1 млрд адамға артып отыр. Болжам бойынша, 2024 жылы жер шарының тұрғынының саны 8 млрдқа жетеді [1]. Әлемдегі халық санының өсуіне байланысты ауыл шаруашылығы өндірісіне сұраныс артып, қолданыстағы егіс алқаптарын интенсивті пайдаланумен қатар, егістік мақсатта игерілген жерлердің көлемі ұлғайту қазірге дейін өзекті

мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан мысалында алар болсақ, бүгінгі таңда суармалы жерлердің көлемі 1,6 млн га-ны құраса, кезең-кезеңмен 2030 жылға қарай 3 млн гектарға дейін ұлғайту мақсаты тұр [2]. Бұны пайдаланыстан шыққан ауылшаруашылық жерлерді игеру арқылы да жүзеге өте маңызды.

ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігінің деректері бойынша қазіргі уақытта қазақстандағы 2 271,9 мың га суармалы жердің 685,8 мың га немесе 30,2%-ы тұздану, батпақтану, су басу, су ресурстарының жетіспеуі және басқа да себептерге байланысты пайдаланылмайды. Оның басым бөлігі оңтүстік облыстарға сәйкес келеді [3]. Төмен өнім беруіне және су ресурстарының жетіспеуіне және т.б. себептерге байланысты пайдаланыстан шыққан «тастанды жерлер» де тыңайған жерлер категориясына ауыстырылып отырған. Осындай жерлердің көлемі өтпелі экономика (1991-2000) жылдар аралығында 108 пайызға артып, 566,5 мың гектарға жеткен [3, 78 б.]. Оларды ауылшаруашылық айналымға ендіру, нақтырақ айтсақ егін шаруашылығында қайта пайдалану қырқыны өте баяу. Қазіргі уақытта қазақстанның суармалы алқаптарында пайдаланылмайтын «тыңайған» деп аталатын жерлердің мелиорациялық жай-күйі жылдан-жылға нашарлағаны көптеген зерттеулердің [4,5,6,7,8] тақырыбына айналуы. Қараусыз қалған суармалы жерлерде біртіндеп тұзды батпақтар пайда болып, галофитті өсімдіктер басып жатыр. Қазақстан – егін шаруашылығында суармалы егін шаруашылығы жетекші орын алатын аграрлы елдердің қатарына жататындықтан, тыңайған жерлердің жағдайын зерттеу және оларды қайта пайдалану мәселесі ел үшін өте өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда, ауылшаруашылық жерлердің, оның ішінде тыңайған жерлердің экологиялық және топырақ-мелиорациялық жағдайларын зерттеу - топырақтың құнарлылық деңгейіне шаруашылық қызметтің оң және теріс салдарын анықтауға мүмкіндік беретін негізгі бағалаудың түрі болып отыр. Осындай зерттеулерді жүргізу ауылшаруашылық жерлердің жай-күйі мен деградациялану жағдайы мен бағытын анықтап қана қоймай, сонымен қатар, оларды игеру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Топырақ құнарлылығын шектейтін факторларды анықтау және олармен күресу бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар ауылшаруашылық жерлерді тиімді басқаруға және өндіріс көлемін арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді [5, 16 б.]. Әлемнің құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарында азық-түлік өндірісін арттыру мақсатында құнарлылықтың жеткілікті деңгейін ұстап тұру үшін тұзды топырақты қалпына келтіру қажет [10]. Тұзданған жерлерді мелиорациялау бойынша ғалымдар дәстүрлі гиротехникалық [9 ,11] және химиялық [12, 13], биологиялық [14,15], органикалық [10, 221 б.,16,17,18,19] және инновациялық агротехникалық тәсілдердің [20,21,22] тиімділіктерін зерттеген. Ғалымдар ұсынған тұзданған жерлерді мелиорациялау тәсілдері мен зерттеу нысанының агроэкологиялық жағдайы мен ауылшаруашылығы құрылымдарының материалдық және техникалық жағдайын (дамушы елге тән) ескеру арқылы тиімді ұсыныстар беру өте маңызды.

Зерттеудің мақсаты – Отырар ауданының мысалында тыңайған жерлердің қазіргі экологиялық-мелиоративтік жағдайын анықтау және оларды игеру мәселелерін талқылау және ұсыныстар келтіру.

Әдістер мен материалдар

Агроландшафттарды зерттеу жұмыстары экология, география, картография сияқты ғылым салаларының жаңа ұстанымдары мен әдістерін қолданусыз жүзеге аспайтыны белгілі. Агроландшафттарда қалыптасқан күрделі мәселелерді шешуде жүйелілік, кешенділік ұстанымдарын қолдану - табиғат заңдылықтарын ұғына отырып, терең зерттеуге және тиісті шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол үшін зерттеу жұмыстарын кешенді зерттеу әдістерімен қаруландыру қажет [4, 44 б.]. Сондықтан, зерттеу барысында тыңайған жерлердің пайда болуы мен аумағының өзгеруін анықтауда тарихи әдісті, зерттеу нысанына аумақтық талдау жасау жұмыстары кезінде географиялық талдау әдісі, табиғи және шаруашылық көрсеткіштерді көрсетуде – статистикалық әдісті, мәселелердің күрделілігі мен интенсивтілігін бағалауда салыстыру әдістері, зерттеу нысанының және зерттеу нысанындағы тыңайған жерлердің ахуалын зерттеуде картографиялық және геоақпараттық әдістерді,

тыңайған жерлердің контурларын тексеруде далалық зерттеу (рекогносцировтық), және зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми мәліметтермен жұмыста топтастыру және талдау әдістері және т.б. кеңінен қолданылды.

Зерттеу нысанындағы агроландшафттарды далалық зерттеу кезінде зерттеу нысанындағы бірнеше дақыл түрлері және тыңайған жерлердің орналасу жағдайы туралы мәліметтер жазып алынды. Бұл мәліметтер айналымдағы егістік жерлер мен тастанды жерлердің контурларын бөліп алу кезінде олардың дәлдігін тексеруге арналған қосымша мәлімет ретінде қолданылды.


Зерттеу нысанындағы егістік жерлерді және тыңайған жерлерді дешифрлеуде Sentinel-2 спутнигінің 05.03.2021-11.09.2021жж. аралығында түсірілген түсірілімдері қолданылды. ArcGIS 10.4.1 ГАЗ бағдарламасында есептелген өсімдіктердің нормаланған салыстырмалы индексі (NDVI) арқылы пайдаланыстағы және пайдаланбайтын жерлердің шекаралары анықталды. Белгілі бір уақыт шеңберіндегі өсімдіктердің NDVI индекстері арқылы өсімдіктердің фенологиялық динамикасы жасалады [23]. Сонымен қатар, Sas planet бағдарламасының түсірілімдері де егістіктердің контурларын нақтылауда қолданылды.

Тыңайған жерлердің қазіргі экологиялық жағдайына, топырақтарының мелиоративтік ахуалына баға беру және оларды игеру мәселелерін талқылау және ұсыныс беруде ғылыми материалдарды іздестіру жүйелері арқылы алынған мақалалар топтастырылып, олардағы ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне талдау жасалды.

Нәтижелер және талқылау

Тыңайған жерлердің аумағын анықтау. Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан, аумағы түгелдей шөл зонасына кіретін Отырар ауданы – егін шаруашылығы ежелден қалыптасқан аграрлы аудандардың бірі. Аумағы шығыстан-батысқа қарай Қаратаудың тау алды жазықтарынан басталып, Қызылқұм құмдарына дейін созылып жатқан Отырар ауданының агроландшафттарының 98%-ы Сырдария өзенінің басым ықпал етуімен қалыптасқан. Мұндағы егістік алқаптары ғылыми әдебиеттерде [4, 7 б.; 8, 16 б.] Шәуілдір суармалы алқабы атауымен белгілі.


Қашықтықтан зерделеу мәліметтері негізінде суармалы егін алқабындағы дақыл түрлерін орналасқан егістіктерді және тастанды жерлерді анықтау үшін өсімдіктердің фенологиялық ерекшеліктері және дақылдардың бір немесе әртүрлі түрдегі биологиялық фазаларының арасындағы уақыт айырмашықтары есепке алынды. Ол үшін 2021 жылғы зерттеу нысанындағы дақылдардың вегетациялық кезеңдерін қамтитын өсу фазаларының уақыты таңдалды. Нәтижесінде 05.03.2021-11.09.2021 жж. аралығындағы Sentinel-2 ғарыштық түсірілімдері ашық сайттардан жүктеп алынды. Оларды қолдана отырып есептелген өсімдіктердің нормаланған салыстырмалы индексі (NDVI) негізінде негізгі дақылдардың фенологиялық динамикасы жасалды (сурет 1).



Сурет 1 – Тыңайған жермен қоса алғандағы негізгі дақылдардың фенологиясы бойынша NDVI динамикасы

Дақыл түрлерінің вегетациялық кезеңдеріндегі NDVI динамикасына негізделе отырып, класстерлеу тәсілі арқылы қараусыз қалған жерлерді егістік алқаптарын ажыраттық және пайдаланыстағы егістік алқаптары және тыңайған жерлердің контурлары анықталды. Sas planet бағдарламасының ғарыштық түсірілімдерін және далалық зерттеу кезінде жазып алынған алынған мәліметтерді қолдана отырып, егістіктердің контурларын нақтылау және тексеру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, ArcGIS 10.4.1 бағдарламалары зерттеу нысанындағы өзендер, ауылдық елді мекендер, аудан шекарасы сияқты географиялық нысандарды цифрлеу арқылы векторлық мәліметтерді құру жұмыстары орындалды.

Зерттеу барысында, жалпы егіншілік агроланшафттардың көлемі 45 265,6 га болса, оның ішіндегі тыңайған жерлердің көлемі 13688,9 га екені анықталды (сурет 2).



Сурет 2 – Тыңайған (тастанды) жерлердің және суармалы егін алқабының таралуы

Көбінесе «тастанды» тыңайған жерлер негізінен егістік жағдайлары салыстырмалы түрде қолайсыз аудандарда қалыптасады. Дегенмен, егістік жерлерден бас тарту ауылшаруашылық өндірісі тұрғысынан маргиналды аудандармен шектелмейді [24]. Қазақстандағы тыңайған жерлердің көлемі тастанды жерлердің есебінен 1991-2000 жылдар аралығындағы экономикалық дағдарыс жылдарында күрт артса, 2021 жылы 306, 3 мың га-ны құрады [3, 78 б.]. Демек, егістік жерлердің пайдаланыстан шығуына су және климаттық факторлар ғана емес, шаруа қожалықтарының материалдық және техникалық жағдайлары ықпал еткен. Өткен ғасырдың 90-шы жылдары ирригациялық, коллекторлық-кәріздік- (коллекторлық-дренаждық) жүйелердің, насосық станциялар мен вертикальдық кәріз құбырларының техникалық жағдайлары нашарлаған. Насосық станциялардың 65%-ы тозған және қолданыстан шыққан, сумен қамтамасыз ету 40%-ға кеміді, кәріздік-жинаушылардың сулары пестицидтер мен химикаттардан, зиянды тұздардан тазаланбады [6, 14 б.]. Сондықтан,

XX ғасырдың соңына қарай егіншіліктік агроландшафттардағы топырақтардың қарқынды түрде тұздана бастаса, бұл тенденция одан кейінгі жылдары да жалғасты [4, 113 б.]. Бұл құбылыс біз зерттеп отырған Отырар ауданының агроландшафттарынан айқын көрініс тапқан. Өйткені, Біздің зерттеуіміз бойынша Түркістан облысындағы тыңайған жерлердің 20 пайыздан астамы Отырар ауданының аумағында жатыр.

Тыңайған жерлердің экологиялық-мелиоративтік жағдайы. Әлемдік шөлдену атласында [25] деградацияның 6 топқа: (су эрозиясы, жел эрозиясы, топырақ құнарлылығының азаюы, тұздану, батпақтану және грунт суының деңгейінің төмендеуі) бөлінген. Бұлардың ішіндегі топырақтардың тұздану мәселесі ауылшаруашылығында суарусыз түсім бермейтін аридті аймақтар үшін өзекті мәселе. Бұл жағдай Қазақстанның оңтүстігіне тән [26].


Әйгілі топырақтанушы Р.И. Аболиннің [27] классификациясы сәйкес, Отырар ауданының топырақ жамылғысы сұр (серозем) топырақты шөл зонасына кіреді. Мұнда шалғындық-сұрғылт, ашық-сұрғылт және сұрғылт-құба топырақ типтері кең тараған. Егін шаруашылығында су ресурстарын тиімсіз пайдалану және тиісті мелиорациялық шараларды жүргізбеу салдарынан егістіктік агроландшафттарда деградациялық процесстер қарқынды жүруде [4, 114 б.]. Зерттеу нысанындағы топырақтардың тұздануының салдарынан ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі «тұрақты төмен» дәрежеге жете отырып, агроландшафттардың «экологиялық эпидемия» түріне ауысуына ықпал еткен [20, 5 б.]. Осылайша, екінші реттік тұздануға ұшыраған бұл жерлер «тастанды» жерге айналып, ауылшаруашылық айналымнан шығып, тыңайған жерлердің қорына қосылып отырған.

Екінші реттік тұздану – антропогендік тұздану – адамзаттың табиғи өзара байланысты түсінбеуі немесе суару кезінде жер және су ресурстарын пайдаланудың салдарынан туындайды. Нәтижесінде, топырақтағы су мен тұздардың тепе-теңдігінің бей-берекет өзгеруіне, оның күшеюіне әкеліп соғады [28]. Сондықтан, табиғатқа жасалған қысымның ықпалымен суармалы жерлердің екінші реттік тұздануы - ғаламдық биосфералық механизмнің бұзылуына алып келетін өте өзекті мәселе. Өйткені, осы механизм арқылы ландшафттардағы фотосинтез үрдісі жүріп, фитомасса қалыптасады, көмірқышқыл және оттегі айналымы жүреді, азот циклі қалыптасады, стратосферада озон қабаты түзіледі және т.б. Сондай-ақ, екінші реттік тұздануының салдарынан топырақтың гумустық қабаты бұзылады және жойылады, топырақта жиналған барлық энергетикалық ресурстар сарқылады, жердегі биологиялық ресурстардың мөлшері кемиді, түптеп келгенде, экожүйелердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуші ландшафттардың өзін-өзі реттеу, өздігінен қалпына келу, өздігінен жаңару сияқты қасиеттері жоғалады да деградациялық үрдістер қарқынды жүре бастайды.

Біздің зерттеу тобымыз Отырар ауданындағы топырақтарды тұздануының карталарын жасау бойынша бірқатар еңбектер жариялаған. Осы еңбектердегі әдістемелерге негізделі отырып, Зерттеу нысанындағы тыңайған жерлердің топырақтарының тұздану деңгейлерін анықтадық (сурет 3).

Олардың ішіндегі тұзданбаған жерлердің үлесі 0,6%(83,9 га), шамалы тұзданған жерлердің үлесі 7,2% (984,4 га), орташа тұзданған жерлердің үлесі 17,5% (2398,3 га) құраса, қатты тұзданған жерлердің үлесі 74,5% (10222,1 га) екендігі анықталды. Өртүрлі дәрежеде тұзданған топырақтардың таралуы ауылдық округтер немесе егістіктер бойынша біркелкі емес, шашырай орналасқан. Өтпелі экономика жылдарында өнімділігі төмендеген тұзданған жерлер тастанды жерлерге айналып отырған. Олардағы өсімдіктердің тамырлары жеткен қабаттарында (ризосфера) күшті және өте қатты тұзданған бөліктері кездесетіндіктен, дақылдардың өсу және даму кезеңдеріне кедергі келтіріп, солып (өліп) қалуына себеп болады. Аридті аймақтағы тұздану топырақтарды табиғи қасиеттерінен айыратын ең белсенді деградациялық фактор болып табылады.

Шәуілдір суармалы алқабында зерттеу жүргізген ғалымдар [8, 16 б.] 44 шаруа қожалығындағы 500 га егістіктердің 99,1%-ында қарашірік пен жеңіл гидролизденетін азот жетіспейтінін және фосфор мен калийдің біркелкі таралмағанын (төменнен жоғары мөлшерге дейін) анықтаған.



Сурет 3 – Зерттеу нысанындағы тыңайған жерлердің топырақтарының тұздануы

Тыңайған жерлерді игеру. Топырақта жиналатын тұздардың мөлшері мен өсімдіктің сол мезеттегі күйі арасында тығыз байланыс бар. Топырақтың тұздануына ауылшаруашылық дақылдар мен табиғи өсімдіктердің төзімділігі – олардың вегетациялық кезеңдерінде, әрбір өсу фазаларында және өнім беру кезеңінде айқын көрінеді [4, 103 б.].

Тұзданған топырақтар кездесетін ауылшаруашылық жерлерді игеру үшін тұздану үрдісінің механизмін жете түсініп, тұздануды азайту немесе бейтараптандыру сияқты жұмыстарды жүргізу қажет. Осыған байланысты біз ғылыми әдебиеттердегі мелиоративтік әдістер туралы мәліметтерді жинақтап, топтастыра отырып, шөл зонасындағы тұзданған топырақтарды игеруде нәтижеге жеткен түрлеріне тоқталдық.

Мелиорациялаудың дәстүрлі тәсілдеріне *гидротехникалық химиялық, биологиялық және органикалық* әдістерді жатқызуға болады. Олардың ішіндегі дүниежүзі бойынша кең тараған түрі – *гидротехникалық тәсіл*. Бұл тәсіл бойынша 4-7 жылдың аралығында қысы-жазы топырақтағы артық мөлшердегі тұздарды жуып, өзен-көлдер мен төмен жайғасқан ландшафттарға ауыстырылады. Ол мынадай негізгі 2 шараны қолдану арқылы жүзеге асырылады.

– *Тұздарды жуып-шаю.* Ғылыми әдебиеттердегі, тұзданған жерлерді мелиорациялау туралы мәліметтерде, жер бедерінің ерекшеліктері мен топырақтың тектік қабаттарының су өткізгіштігіне қарай, әртүрлі әдістерді қолдану арқылы топырақтардан ерігіш тұздарды сумен ығыстыру жұмыстарының маңыздылығы көрсетілген. Бұл үшін топырақтың тұздылығына қарай жуу түрлері (ағымдағы, түбегейлі) және жұмсалатын ағын судың мөлшерлері анықталады. Мысалы, аридті аймақтардағы қатты тұзданған жерлерді жууға 17,5-25 мың

текше м/га-ға дейін су кететіні анықталған. Ал, су жеткіліксіз болған жағдайда суды атыздар арқылы емес жалдар (борозда) бойымен үздіксіз суару (3-10 күн аралығында) ұсынылған [9, 23 б.].

– *Кәріздік-коллекторлық жүйелерді пайдалану.* Көктем мезгілінде грунт суының «шектік жайғасу тереңдігінен» жоғары жатуы салдарынан тұқым кеш себіліп, өнімділіктің төмендеуіне және топырақтардың тұздануына әкеліп соғады. Осы мәселені шешуде топырақтардың ылғалдылығын реттейтін тік кәріздерді (вертикальды дренаждар) пайдаланудың маңызы зор [11, 6 б.]. Ал, қыс және жаз мезгілдерінде топырақтарды шаюдан шыққан су коллекторлық желілер арқылы ығыстырылады және грунт суының деңгейі кәріздер арқылы реттеліп отырады. Дегенмен, қазіргі кезде, Отырар ауданында бұлардың барлығы да жұмыс істемейді. Кәріздік-коллекторлық жүйенің грунт суының деңгейін төмендетудің баламасы жоқ әдісі екендігін ескерсек, оны қайта қалпына келтірудің маңыздылығын түсінуге болады.

Гидротехникалық тәсіл арқылы егіншіліктік агроландшафттардағы тұздарды кетіруді үрдісін жеделдету үшін *химиялық тәсілді* қоса қолданады. Химиялық мелиорация топырақты әктеу (кальций иондарымен алмастыру үшін әк тыңайтқыштарын қолдану), топырақты гипстеу (натрийді алмастыратын гипс енгізу), топырақтың қышқылдандыру (күкірт, натрий дисульфаты және т. б. қолданған кезде қышқылдар қолдану) жұмыстарынан тұрады [13, 496 б; 29, 288 б.]. Мысалы, Қытай, Бирма, Индия сияқты күріш дақылына тәуелді елдерде, қазіргі заманның өзінде, гектарына 20 тоннаға дейін гипс және фосфогипс қолданып, сорлар мен сортандарды жуып шаяды. Әсіресе, содалы сорлар мен хлормен тұзданған сорларды игеру және ондағы тұздану үрдісімен күресуде ғаныштау әдісінің нәтижелі шығатыны дәлелденген. Дегенмен, оларды қолдану концепциясының жетіле түсуінің нәтижесінде – химиялық мелиорацияны тек қана жақсы кәрізделген жерлерде ғана қолдану тиімді екені анықталды [13, 348 б.].

Химиялық мелиорацияға сонымен қатар, дақылды өсіру кезінде органикалық және минералды тыңайтқыштарды жоғары дозада қолдану да жатады. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі – топырақтың агрохимиялық көрсеткіштерінің жай-күйіне, органикалық және минералды тыңайтқыштарды қолдану көлеміне, қарашірік пен қоректік заттардың оң немесе тапшы балансының қалыптасуына тікелей байланысты. Жүгеріден 10 ц астық алу үшін қоректік элементтерін ендіру басқа дәнді дақылдарға жақын. Суару жағдайында 1 га - дан 100 ц астық өнімділігі алу үшін 250 кг N, 100 кг P₂O₅ және 360 кг K₂O беру қажет, ал жасыл массасы 1 га-дан 500-600 ц өндіру үшін 150-180 кг N, 50-60 кг P₂O₅ және 150-200 кг K₂O қажет болады [12, 17 б.]. Дақыл бүкіл вегетациялық кезеңде - дәннің балауыз пісуіне дейін қоректік заттарды тұтынады. Алайда, олардың ең қарқынды сіңірілуі салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде (паникулалардың сыпырылуынан гүлденуге дейін) тез өсу кезеңінде байқалады. Дегенмен, химиялық тыңайтқыштарды ұзақ уақыт қолдану ауылшаруашылық топырақтарының жағдайын нашарлатады, топырақтың сапасын және құнарлылығын төмендетеді және екінші реттік тұздану қаупін арттырады [30]. Сондықтан, көптеген ғалымдар [10, 221 б; 16, 964 б; 29, 251 б.] химиялық тыңайтқыштарды органикалық тыңайтқыштарға ауыстыруға шақырады.

Отырар ауданында *биологиялық әдісті*, оның ішінде *фитомелиоративтік тәсілді* қолданудың да экологиялық жағынан артықшылықтары мол [29, 291 б.]. Тұзданған топырақтарды биомелиорациялауда тұздану жағдайында өсе алатын, тұзға төзімді мәдени өсімдіктер жақсы рөл атқарады. Бұл өсімдіктер тұзды жерлерді қалпына келтірудің биологиялық құралы ретінде мынадай биологиялық ерекшеліктеріне байланысты қолданылады: топырақтан тұздарды сіңіреді және оларды жерүстілік вегетативті денесінде көп мөлшерде жинауға қабілеті. Кейін оларды жинау және шабу кезінде алып тастауға болады. Қазақстанның оңтүстігінде өсетін мақта монодақылымен жоңышқа және сорго дақылдарын 2:1 схемасы бойынша (2 жыл жоңышқа + 1 жыл мақта) немесе (2 жыл құмай + 1 жыл мақта) және 1:2 схемасы (2 жыл мақта + 1 жыл тары) бойынша ауыстырып егу оң нәтижелер беріп,

топырақтағы тұз концентрациясын төмендеткен [14, 159 б.]. Отырар ауданында ауыспалы егістік (көп жағдайда жоңышқамен жүгері) жақсы жолға қойылған.

Раббимов және басқалар [15, 104 б.] Тастанды тұзданған жерлерді игеруде мал азықтық өсімдіктерді егіп, мал азықтық қорларды қалыптастыруды ұсынады. Олардың зерттеулері бойынша екінші реттік тұзданған жерлерде жер асты артезиан суларын пайдалана отырып, *Kochia scoperia*, *Atriplex nitens* және *Suaeda altissima* галофиттерін өсірген тиімді. Тіпті суарусыз *Climacoptera lanata* өсімдігін өсіруге болатындығын анықтаған. Бұл дақылдардың ерекшелігі – тұзға және суға төлімді және тамыры арқылы тұздарды сіңіріп, фитомассасында жинайды.

Қазақстандағы тұзданған топырақтарды мелиорациялау мәселесімен айналысып жүрген ғалымдар [7, 14 б.] гидротехникалық және химиялық әдістерді қолдану мынадай 3 себепке байланысты мүмкін болмай жатқанын алға тартады:

- 1) Бұл-коллекторлық-дренаждық желінің тиімсіз жұмысы;
- 2) Ұсақ шаруа қожалықтарының мелиорациялық жұмыстарды жүргізуге қаржысының болмауы;
- 3) Су ресурстарының тапшылығы.

Қандай да бір мелиорациялау әдісін ұсынарда зерттеу нысанының экологиялық-мелиоративтік жағдайы мен шаруа қожалықтарының материалдық-техникалық мүмкіндіктерін негізге алу қажет. Шаруалардың қымбат әдістер мен тыңайтқыштарды пайдалануға жағдайы жетпейді. Ал Ауыспалы егістікке негізделген биологиялық әдіс қолданыста бар. Сондықтан, тыңайған жерлерді игеруде мынадай 2 әдісті қолдануды ұсынамыз.

1. *Органикалық әдістерді қолдану.* Тұзданбаған топырақ жағдайларда енгізілетін *органикалық тыңайтқыштар* қатты тұздалған топырақтар үшін де жарамды. Тек қана құрамындағы қоректік заттардың мөлшерін, мерзімдерін және қолдану әдісін ескере отырып, органикалық тыңайтқыштарды таңдау өте маңызды [10, 221 б.; 16, 964 б.]. *Diasono* және *Montemurro* [10, 227 б.], *Zhang* және басқалар [16, 974 б.] компосталған тауық көңін тұзданған-сілтіленген топырақтарда 4 жыл бойы үздіксіз қолданғаннан кейін, бақылау нұсқасымен салыстырғанда, натрий катиондарының (Na^+) және хлор катиондарының (Cl^-) мөлшері айтарлықтай төмендегенін, ал топырақтың органикалық заттары (SOM), жалпы азот (TN), жалпы фосфор (TP), қол жетімді азот (AN) және қол жетімді калий (ak) айтарлықтай өскендігін және өсімнің өсуін қамтамасыз ететін кейбір бактериялардың саны көбейгенін анықтаған.

Muhammad Akram Kahlown және Muhammad Azam [17, 127 б.] Пәкістанның құрғақ аудандарында бидай мен мақта егістіктерін тұзды дренаж суларымен (EC 2,25 дСм м⁻¹) суарудың топыраққа және дақылдың өнімділігіне әсерін зерттеу жұмыстарын жүргізген. Зерттеу нәтижесінде жай тұзданған сумен суарумен салыстырғанда тұзданған сумен суару кезінде жасыл сидерат пен көнді қолдану топырақтағы инфильтрация жылдамдығын 88,9% -ға арттыратыны анықталған. Сонымен қатар, көнді қолдану арқылы жүргізген нұсқада тұздану процесінде топырақтың тұздануы 2,8-41,3%-ға бәсеңдеп, бидай мен мақтаның өнімділігін (орташа есеппен 1925 және 1485 кг / га) арттырған. Көнді қолдану басқа өңдеу әдістеріне қарағанда, сапасыз сумен суарудың жағымсыз салдарын жеңуде салыстырмалы түрде тиімдірек болды. Осы әдісті Отырар ауданының тыңайған жерлерін игеруде тиімді болуы ықтимал. Өйткені, оның тиімділігін көрсететін мынадай 2 себеп бар:

1) Көңнің қолжетімділігі жоғары. Отырар ауданы негізінен егін шаруашылығына емес, мал шаруашылығына маманданған аудан. Мал шаруашылығы – көң органикалық тыңайтқышының негізгі көзі екені белгілі. "Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департаментінің 2022 жылғы алдын ала мәліметтері бойынша облыстағы ірі қара мал басы 501 мыңнан асады [31]. Оның үстіне көң – ең арзан органикалық тыңайтқыш болғандықтан, барлық шаруа қожалықтарына қол жетімді.

2) Егістіктерді суару үшін пайдаланылатын Сырдария және Арыс өзендерінің суы минералданған. Казгидромет агенттігінің экологиялық мониторинг департаментінің

мәліметтері бойынша [32] Сырдария өзені суының сапасы «өте нашар» (>5 класс), ал Арыс өзені суының сапасы «нашар» (4 класс) топқа жатады. С.И. Қошқаровтың [33] есебі бойынша, Өзбекстан жерінде Сырдария өзен суының минералдылығы 0,7-1,2 г/л-ге дейін өссе, Қазақстан жерінде ол орта есеппен 1,5-2 г/л-ге дейін жетеді. Өйткені, Сырдария өзенінің жоғарғы және ортанғы ағысындағы егістіктердің ақаба сулары (егістіктердің тұзын шаюдан шыққан су) өзенге қайта түседі.

Бірқатар ғалымдар [18, 358 б.; 19, 1679 б.] тұзданған-сілтіленген топырақтарда органикалық тыңайтқыш ретінде биокөмірді қолдану нәтижелі болатындығын көрсетеді. Биокөмір – оттегісіз жағдайда 300-700°C температурада биомассаны жағу өнімі. Топыраққа енгізген кезде биокөмір ауыл шаруашылығындағы топырақ ортасын жақсартады. Wang және басқалар [18, 358 б.; 19, 1679 б.] эксперименттік зерттеулерінің нәтижесінде, биокөмірді қолдану сортаңды топырақтың тұздылығы мен сілтілігін тиімді төмендетіп, топырақтың құнарлылығын және топырақтағы микроорганизмдердің санын арттырып, жүгерінің өнімділігін арттыратыны анықталған.

Дегенмен, кең ауқымды жерлерде органикалық тыңайтқыштарды пайдалану үшін алдымен эксперименттік зерттеулер жүргізу өте маңызды. Оларды әртүрлі агротехникалық әдістермен (мысалы, ауыспалы егіс, жабық дақылдарды пайдалану және т.б.) біріктіруді ынталандыру керек [10, 227 б.].

